



Бастықтiн:  
«Гүлшан» иккюзитті оналту балабакшасы  
Махутова М.Х.  
2024 жыл

# ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

№1 педагогикалық кеңес

2024-2025 оқу жылы

## Тақырыбы:

«Мектепке дейiнгi түзету оналту мекеменiң 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесiн ұйымдастырудың негiзгi бағыттары»

Өткiзiлген күнi: «30» тамыз 2024 жыл.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ КЕҢЕС

### ХАТТАМА №1

Өткізілген күні: 30.08.2024 жыл

Түрі: Дәстүрлі

Тақырыбы:

«Мектепке дейінгі түзету оңалту мекеменің 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізгі бағыттары»

Мақсаты:

2024–2025 оқу жылында оңалту-түзету балабақшасында оқу-тәрбие процесін тиімді ұйымдастыру, ерекше білім беруді қажет ететін балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, сапалы білім беру мен түзету-дамыту жұмыстарын жетілдіру.

Төрайымы: М.Х. Махутова

Хатшы: Муалбаева Ә.Б.

Қатысқандар: 8

Қатыспағандар: 0

### КҮН ТӘРТІБІ:

1. 2023–2024 оқу жылындағы жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы.
2. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің негізгі бағыттары туралы директордың баяндамасы. Әдістемелік қызметтің жылдық жоспары.
3. Түзету-дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары.
4. Қауіпсіздік және медициналық бақылау.
5. Қаулы қабылдау.

### ТЫҢДАЛДЫ:

#### 1-мәселе бойынша:

Педагогикалық кеңестің 1-мәселесі бойынша 2023–2024 оқу жылының жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы туралы директордың есебі Махутова М.Х.

#### 1. Сауықтыру шаралары

Жаз мезгілінде:

- таңертеңгілік гимнастика;
- таза ауадағы жаттығулар;
- су және ауа процедуралары;
- шынықтыру шаралары;
- серуендер ұйымдастырылды.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында:

- жалаңаяқ жүру;
- массажды жолақтармен жүру;
- тыныс алу жаттығулары;
- сергіту сәттері өткізілді.

#### 2. Қимылды және спорттық ойындар

Балалардың қозғалыс белсенділігін арттыру мақсатында:

- спорттық эстафеталар;
- ұлттық ойындар;
- қозғалмалы ойындар;
- сенсорлық жаттығулар ұйымдастырылды.

Бұл жұмыстар балалардың:

- шапшаңдығын;
- қимыл үйлесімділігін дамытуға ықпал етті.

Психологиялық қолдау жұмыстары

психолог тарапынан:

- релаксациялық жаттығулар;
- құм терапиясы;
- АВА терапия элементтері;
- эмоционалдық дамыту ойындары жүргізілді.

Нәтижесінде балалардың:

- көңіл күйі тұрақталып;
- қарым-қатынас дағдылары жақсарды;
- мазасыздық деңгейі төмендеді.

Түзету-дамыту жұмыстары

дефектолог және мамандар:

- ұсақ моториканы дамыту;
- сөйлеу тілін түзету;
- сенсорлық дамыту;
- жеке түзету сабақтарын жүйелі жүргізді.

5. Ата-анамен жұмыс

Жазғы кезеңде:

- кеңестер;
- қауіпсіздік нұсқаулықтары;
- сауықтыру шаралары бойынша ұсыныстар берілді.

Ата-аналар балабақшамен бірлескен жұмыстарға белсенді қатысты.

Жалпы алғанда, 2023–2024 оқу жылының жазғы сауықтыру жұмыстары жоспарлы түрде орындалып, тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, олардың дамуындағы оң өзгерістерге ықпал етті деп есептеймін.

Алдағы уақытта түзету-оңалту жұмыстарының сапасын арттыру, инновациялық әдістерді енгізу және ата-аналармен өзара ынтымақтастықты күшейту бағытында жұмыстар жалғастырылады.

Назарларыңызға рахмет!

**Шешімі:**

1. Жазғы сауықтыру жұмыстарының қорытындысы жақсы деп есептелсін.
2. Жеткен нәтижелерді сақтау және жаңа оқу жылында балалардың бос уақытын тиісді ұйымдастыру жалғастырылсын.

**Педагогикалық кеңестің 2-мәселесі бойынша 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту туралы директор Махутова М.Х.**

**Құрметті педагогикалық кеңес мүшелері!**

Бүгінгі педагогикалық кеңестің екінші мәселесі 2024–2025 оқу жылына арналған балабақшаның жылдық жұмыс жоспарын талқылау және бекіту.

Жылдық жоспар Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес, сондай-ақ балабақшаның даму бағытын, өткен оқу жылының талдау нәтижелерін ескере отырып әзірленді.

Жоспардың негізгі мақсаты – ерекше білім беру қажеттіліктері бар тәрбиеленушілердің жан-жақты дамуына жағдай жасау, олардың денсаулығын сақтау және нығайту, әлеуметтік бейімделуін қамтамасыз ету, сондай-ақ түзету-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыру.

Алға қойылған міндеттер:

- тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарының сапасын арттыру;
- заманауи педагогикалық технологиялар мен әдіс-тәсілдерді енгізу;

- мамандар (логопед, дефектолог, психолог, емдік дене шынықтыру) қызметінің өзара ықпалдастығын күшейту;
- инклюзивті білім беру қағидаттарын жүзеге асыру;
- ата-аналармен серіктестік қарым-қатынасты дамыту;
- педагогтердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жоспар бірнеше бөлімнен тұрады:

- ұйымдастыру-педагогикалық жұмыс;
- оқу-тәрбие үдерісі;
- түзету-дамыту қызметі;
- әдістемелік жұмыс;
- педагогтердің біліктілігін арттыру;
- ата-аналармен жұмыс;
- әкімшілік-шаруашылық қызмет.

Жоспарда әр бағыт бойынша нақты іс-шаралар, орындау мерзімдері мен жауапты тұлғалар көрсетілген. Сонымен қатар, бақылау және мониторинг жүйесі қарастырылған, бұл жоспардың орындалу сапасын жүйелі түрде бағалауға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер, ұсынылған жылдық жұмыс жоспарын талқылап, өз ұсыныс-пікірлеріңізді білдірулеріңізді сұраймын. Жоспарды толықтыру және жетілдіру бойынша ұсыныстар ескеріліп, бекітуге ұсынылады.

Осыған байланысты 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспарын бекітуді ұсынамын.

Назарларыңызға рахмет!

**Шешімі:**

1. Арнайы оңалту балабақшасының 2024–2025 оқу жылына арналған жылдық жұмыс жоспары бекітілсін.
2. Жылдық жоспардың орындалуын қамтамасыз ету барлық педагогтар және мамандар қызметкерлерге жүктелсін.
3. Түзету-дамыту жұмыстарының сапасын арттыру мақсатында мамандардың (логопед, дефектолог, психолог) өзара ықпалдастығы күшейтілсін.
4. Педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру және заманауи әдіс-тәсілдерді енгізу жүйелі түрде жүргізілсін.
5. Ата-аналармен өзара ынтымақтастықты нығайту бойынша жұмыстар жалғастырылсын.

**3-МӘСЕЛЕ** бойынша дефектолог Исаканова Г. түзету-дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша баяндады.

**Дефектолог түзету жұмыстары:**

- сөйлеу тілін дамыту;
- ұсақ моториканы жетілдіру;
- сенсорлық дамыту;
- логопедиялық жаттығулар арқылы жүзеге асатынын атап өтті.

**Шешімі:**

1. Дефектологтың түзету-дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша баяндамасы назарға алынсын.
2. Балалардың сөйлеу тілін дамыту мақсатында логопедиялық және артикуляциялық жаттығулар жүйелі түрде жүргізілсін.
3. Ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар мен жаттығулар күнделікті оқу-тәрбие процесіне енгізілсін.
4. Сенсорлық дамыту жұмыстары арнайы жабдықталған дамытушы ортада тұрақты ұйымдастырылсын.
5. Әр баланың жеке ерекшелігі ескеріліп, түзету-дамыту жұмыстары жеке жоспар негізінде жүргізілсін.
6. Тәрбиешілер мен мамандардың бірлескен жұмысы күшейтіліп, ата-аналарға үй жағдайында орындалатын жаттығулар бойынша кеңестер берілсін.

7. Түзету жұмыстарының нәтижесіне мониторинг жүргізіліп, тоқсан сайын талдау жасалсын.

#### 4-МӘСЕЛЕ Медбике Кабакова Б. Қауіпсіздік және медициналық бақылау бойынша баяндамасы.

Медбике:

- санитарлық талаптар;
- күн тәртібі;
- шынықтыру шаралары;
- денсаулық мониторингі

туралы ақпарат берді.

Шешімі:


1. Медбике Кабакова Б.-ның қауіпсіздік және медициналық бақылау бойынша баяндамасы назарға алынсын.
2. Балабақшада санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына тұрақты бақылау жүргізілсін.
3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сай күн тәртібі қатаң сақталып, демалыс пен тамақтану уақыты дұрыс ұйымдастырылсын.
4. Шынықтыру шаралары (ауа, су, күн процедуралары, тыныс алу жаттығулары) күнделікті жоспарға сәйкес жүйелі өткізілсін.
5. Балалардың денсаулық жағдайына тұрақты мониторинг жүргізіліп, профилактикалық жұмыстар күшейтілсін.
6. Жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында санитарлық-ағарту жұмыстары жүргізілсін.
7. Ата-аналарға балалар денсаулығын сақтау, дұрыс тамақтану және қауіпсіздік ережелері бойынша кеңестер берілсін.

#### ҚАУЛЫ ЕТЕДІ

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесі бекітілсін.
2. Денсаулық сақтау технологиялары жүйелі енгізілсін.
3. Түзету-дамыту жұмыстары жеке жоспар бойынша жүргізілсін.
4. Ата-анамен бірлескен жұмыс жандандырылсын.
5. Қауіпсіздік талаптары қатаң сақталсын.
6. Бақылау балабақша әкімшілігіне жүктелсін.

Төрайымы: Махутова М.Х.

Хатшысы: Муалбаева Ә.Б.





Махұтова М.Х.  
2024 жыл

**2023-2024 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру  
жұмыстарының қорытындысы туралы  
директордың есеп беруі**

2024-2025 оқу жылы

## Жазғы сауықтыру кезеңінің қорытынды ақпараттама

Кезеңі: 2023–2024 оқу жылы бойынша жазғы сауықтыру кезеңі.

Жауапты: директор Махутова М.Х.

### Мақсаты:

Тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, психологиялық және эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету, жазғы кезеңде түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру арқылы балалардың танымдық, сөйлеу және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту.

### Міндеттері:

- Тәрбиеленушілердің денсаулығын сақтау және нығайту жұмыстарын ұйымдастыру;
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау;
- Түзете-дамыту жұмыстарын жаз мезгілінде жүйелі жалғастыру;
- Балалардың сөйлеу, танымдық және қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту;
- Эмоционалдық жайлы орта қалыптастыру;
- Ата-аналармен ынтымақтастық жұмыстарын жүргізу.

### Жүргізілген іс-шаралар:

2023–2024 оқу жылының жазғы сауықтыру кезеңінде оңалту-түзету балабақшасында тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайту, психологиялық жайлылық қалыптастыру, түзете-дамыту жұмыстарын жалғастыру және қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында жүйелі жұмыстар жүргізілді. Жазғы кезеңдегі жұмыс балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып ұйымдастырылды.

### Маусым айы

Маусым айында «Қош келдің, жайдарлы жаз!» атты мерекелік іс-шара ұйымдастырылып, жазғы сауықтыру маусымы басталды. Барлық топтарда жазғы күн тәртібі бекітіліп, балалардың таза ауада көбірек болуына жағдай жасалды.

### Тәрбиеленушілермен:

- таңертеңгілік сауықтыру жаттығулары;
- тыныс алу және ұсақ моториканы дамыту жаттығулары;
- қимылды және сенсорлық ойындар;
- арт-терапия элементтері;
- релаксациялық жаттығулар жүргізілді.

Логопед, дефектолог және психолог мамандар жеке және топтық түзете-дамыту жұмыстарын жалғастырды. Балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруға бағытталған ойын терапиясы қолданылды.

Қауіпсіздік ережелері бойынша балалармен және ата-аналармен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

### Шілде айы

Шілде айында сауықтыру және түзету-дамыту жұмыстары жүйелі түрде жалғастырылды. Балалардың қызығушылығын арттыру мақсатында:

- құм терапиясы;
- су ойындары;
- музыкалық-ырғақты жаттығулар;

- шығармашылық жұмыстар;
- сенсорлық дамыту ойындары ұйымдастырылды.

«Денсаулық күні», «Көңілді жапырақтар» тақырыптарында ойын-сауық және спорттық шаралар өткізілді.

Мамандар тәрбиеленушілердің сөйлеу тілін, танымдық қабілетін, ұсақ және жалпы моторикасын дамыту бағытында жұмыстар жүргізді. Медициналық бақылау тұрақты ұйымдастырылып, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қадағаланды.

### **Тамыз айы**

Тамыз айында жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары жүргізілді. Балалардың әлеуметтік бейімделуін және танымдық белсенділігін дамытуға бағытталған іс-шаралар ұйымдастырылды.

Ай барысында:

- тіл дамыту ойындары;
- логикалық тапсырмалар;
- кітап қарау және ертегі тыңдау;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту жаттығулары өткізілді.

Педагогтер мен мамандар тәрбиеленушілердің даму динамикасына мониторинг жүргізіп, ата-аналарға ұсыныстар берді. Сонымен қатар топ бөлмелері мен дамыту орталықтары жаңа оқу жылына дайындалды.

### **Қорытынды:**

Жалпы, жазғы сауықтыру кезеңінде жүргізілген жұмыстар тәрбиеленушілердің денсаулығын нығайтуға, эмоционалдық жай-күйін жақсартуға және түзете-дамыту жұмыстарының тиімділігін арттыруға ықпал етті. Жоспарланған жұмыстар толық көлемде орындалды.

### **Ұсыныстар:**

- Түзете-дамыту жұмыстарында заманауи әдістемелер мен технологияларды (арт-терапия, құм терапиясы, ойын терапиясы) кеңінен қолдану;
- Мамандардың (логопед, дефектолог, психолог) жеке және топтық жұмыстарының жүйелілігін арттыру;
- Балалардың жеке даму картасына сәйкес түзету жұмыстарының мониторингін тұрақты жүргізу;
- Жазғы сауықтыру кезеңінде қимылды және сенсорлық ойындарды көбейту;
- Ата-аналармен кері байланысты күшейту және кеңес беру жұмыстарын жүйелі ұйымдастыру;
- Қауіпсіздік және денсаулық сақтау талаптарының қатаң сақталуын тұрақты бақылауда ұстау.

Күні: «30» тамыз 2024 жыл.



Махутова М.Х.  
2024 жыл

«2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің негізгі бағыттары»

Баяндамашы: Махутова М.Х.

## «2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесінің негізгі бағыттары»

Кіріспе

**Құрметті әріптестер!**

2024–2025 оқу жылында мектепке дейінгі түзету-оңалту мекемесінің негізгі мақсаты – балалардың денсаулығын сақтау, түзету-дамыту жұмыстарын жетілдіру және сапалы білім беру ортасын қалыптастыру болып табылады. Оқу-тәрбие процесі мемлекеттік стандартқа сәйкес ұйымдастырылып, әр баланың жеке ерекшелігі мен даму мүмкіндігі ескеріле отырып жүргізіледі.

**Оқу жылының негізгі бағыттары**

1. Балалардың денсаулығын нығайту

Балалардың физикалық және психологиялық денсаулығын сақтау мақсатында:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- шынықтыру шаралары;
- сенсорлық жаттығулар;
- емдік дене шынықтыру;
- релаксациялық жұмыстар жүйелі жүргізіледі.

2. Түзету-дамыту жұмыстарын жетілдіру

Ерекше білімді қажет ететін балалармен:

- дефектологиялық;
- логопедиялық;
- психологиялық;
- сенсорлық дамыту жұмыстары ұйымдастырылады.

Әр балаға жеке дамыту бағыты құрылып, мониторинг жүргізіледі.

3. Дамытушы ортаны жетілдіру

Топтарда:

- сенсорлық бұрыштар;
- тыныштық аймақтары;
- қимыл-қозғалыс орталықтары;
- түзету-дамыту құралдары толықтырылады.

4. Ата-анамен жұмыс

Ата-аналармен:

- жиналыстар;
- семинарлар;
- тренингтер;
- жеке кеңестер;
- ашық сабақтар өткізіледі.

5. Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру

Педагогтар:

- әдістемелік семинарларға;
- тәжірибе алмасу жұмыстарына;
- ашық оқу қызметтеріне;
- біліктілік арттыру курстарына қатысады.

## ӘДІСТЕМЕЛІК ҚЫЗМЕТТІҢ ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАРЫ

Мақсаты

Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру, оқу-тәрбие процесінің сапасын жетілдіру және инновациялық технологияларды тиімді қолдану.

Негізгі міндеттері

- оқу-тәрбие жұмыстарының сапасын бақылау;
- педагогтарға әдістемелік көмек көрсету;
- жаңа технологияларды енгізу;

- түзету-дамыту жұмыстарын жетілдіру;
- құжаттамаларды талапқа сай жүргізу.

### Жыл бойы жүргізілетін жұмыстар

1. Педагогикалық кеңестер
  - жылдық жоспарды бекіту;
  - оқу-тәрбие жұмыстарына талдау жасау;
  - мамандар тәжірибесімен алмасу.
2. Әдістемелік семинарлар

#### Тақырыптар:

- денсаулық сақтау технологиялары;
- АВА терапия элементтері;
- сенсорлық дамыту;
- ойын технологиялары.

### 3. Ашық оқу қызметтері

#### Тәрбиешілер мен мамандар:

- ашық сабақтар;
- шеберлік сағаттары;
- тәжірибе көрсету жұмыстарын өткізеді.

### 4. Бақылау және мониторинг

- оқу қызметтеріне қатысу;
- балалардың даму мониторингі;
- құжаттарды тексеру;
- педагогтарға әдістемелік көмек көрсету.

### Қорытынды:

2024–2025 оқу жылында оқу-тәрбие процесін сапалы ұйымдастыру арқылы балалардың денсаулығын нығайту, түзету-дамыту жұмыстарын жетілдіру және қауіпсіз, дамытушы орта қалыптастыру басты назарда болады.

Педагогикалық ұжымның бірлескен жұмысы арқылы әр баланың жан-жақты дамуына қолайлы жағдай жасалады.

**Назарларыңызға рахмет!**

### Ұсыныстар

1. 2024–2025 оқу жылындағы оқу-тәрбие процесі мемлекеттік стандарт талаптарына сәйкес жүйелі ұйымдастырылсын.
2. Денсаулық сақтау технологиялары, сенсорлық дамыту және түзету-дамыту жұмыстары барлық топтарда тұрақты жүргізілсін.
3. Ерекше білімді қажет ететін балаларға арналған жеке дамыту маршруттары әзірленіп, мониторинг жұмыстары күшейтілсін.
4. Дамытушы ортаны толықтыру мақсатында сенсорлық, логопедиялық және дидактикалық құралдар жаңартылсын.
5. Педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру үшін әдістемелік семинарлар, ашық оқу қызметтері және тәжірибе алмасу жұмыстары жүйелі ұйымдастырылсын.
6. АВА терапия элементтері, ойын технологиялары және инновациялық әдістер оқу-тәрбие процесіне кеңінен енгізілсін.
7. Ата-анамен бірлескен жұмыстар жандандырылып, кеңес беру және психологиялық қолдау шаралары тұрақты өткізілсін.
8. Балалардың денсаулығы мен қауіпсіздігіне тұрақты бақылау жүргізіліп, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуы қадағалансын.
9. Әдістемелік қызмет тарапынан педагогтарға жүйелі әдістемелік көмек көрсетілсін.

Күні: «30» тамыз 2024 жыл.



## «Түзету-дамыту жұмыстарының негізгі бағыттары»

### Максаты

Ерекше білімді қажет ететін балалардың жеке даму ерекшеліктерін ескере отырып, түзету-дамыту жұмыстарын тиімді ұйымдастыру арқылы олардың сөйлеу тілін, танымдық қабілеттерін, сенсорлық қабылдауын, қимыл-қозғалысын және әлеуметтік бейімделуін дамыту.

### Міндеттері

- Балалардың сөйлеу тілін дамыту және дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Ұсақ және ірі моториканы жетілдіру;
- Сенсорлық қабылдау қабілеттерін дамыту;
- Танымдық процестерді (зейін, есте сақтау, ойлау) қалыптастыру;
- Әлеуметтік қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру;
- Балалардың эмоционалдық жайлылығын қамтамасыз ету;
- Ата-анамен бірлескен түзету жұмыстарын ұйымдастыру.

### Кіріспе

Қазіргі таңда мектепке дейінгі түзету-оңалту мекемелерінде ерекше білімді қажет ететін балалармен жүргізілетін түзету-дамыту жұмыстарының маңызы зор. Баланың дамуындағы қиындықтарды ерте анықтап, дер кезінде түзету жұмыстары ұйымдастырылса, оның қоршаған ортаға бейімделуі мен жан-жақты дамуына мүмкіндік туады. Түзету-дамыту жұмыстары балалардың денсаулығын нығайтып қана қоймай, олардың танымдық, сөйлеу және эмоционалдық дамуына оң әсер етеді.

### Негізгі бөлім

#### 1. Сөйлеу тілін дамыту жұмыстары

Балалардың сөйлеу тілін дамыту — дефектолог жұмысының негізгі бағыттарының бірі.

Жүргізілетін жұмыстар:

- артикуляциялық жаттығулар;
- тыныс алу гимнастикасы;
- дыбыстарды қою және түзету;
- сөздік қорын молайту;
- байланыстырып сөйлеуді дамыту.

Бұл жұмыстар:

- дұрыс сөйлеуді қалыптастырады;
- тілдік қарым-қатынасты дамытады;
- баланың өз ойын еркін жеткізуіне көмектеседі.

#### 2. Ұсақ моториканы дамыту

Ұсақ моторика мен сөйлеу тілі өзара тығыз байланысты. Сондықтан саусақ жаттығулары мен қол бұлшық еттерін дамытуға ерекше көңіл бөлінеді.

Қолданылатын жұмыстар:

- саусақ ойындары;
- мозайка құрастыру;
- ермексазбен жұмыс;
- моншақ тізу;
- сурет салу;
- құм терапиясы.

Нәтижесінде:

- қол қимылы дамиды;
- зейін артады;
- сөйлеу белсенділігі жақсарады.

#### 3. Сенсорлық дамыту жұмыстары

Сенсорлық дамыту баланың қоршаған ортаны қабылдауына ықпал етеді.

Сабақтарда:

- түстерді ажырату;
- пішіндермен жұмыс;

- тактильді ойындар;
  - сенсорлық жолақтар;
  - дыбыстық жаттығулар қолданылады.
- Бұл жұмыстар:
- есте сақтау қабілетін дамытады;
  - кеңістікті бағдарлауды қалыптастырады;
  - эмоционалдық тұрақтылық береді.

#### 4. Танымдық қабілеттерді дамыту

- Түзету сабақтарында:
- логикалық тапсырмалар;
  - салыстыру;
  - топтастыру;
  - зейінді дамыту ойындары жүргізіледі.
- Бұл жұмыстар балалардың:
- ойлау қабілетін;
  - есте сақтауын;
  - қабылдауын;
  - танымдық белсенділігін дамытады.

#### 5. Құм терапиясы мен ойын технологиялары

Құм терапиясы балалардың эмоционалдық жағдайын тұрақтандыруда тиімді әдістердің бірі.

Құммен жұмыс барысында:

- балалар өз ойын еркін жеткізеді;
- мазасыздық төмендейді;
- шығармашылық қабілеті дамиды.

Сонымен қатар ойын технологиялары арқылы балалардың қызығушылығы артып, сабаққа белсенділігі жоғарылайды.

#### 6. Ата-анамен жұмыс

Түзету жұмыстарының нәтижелі болуы ата-анамен бірлескен жұмысқа байланысты.

Ата-аналарға:

- жеке кеңестер;
- үй тапсырмалары;
- дамыту жаттығулары;
- ашық сабақтар ұйымдастырылады.

Үй жағдайында тұрақты жұмыс жасау балалардың даму динамикасын жақсартады.

#### Қорытынды

Түзету-дамыту жұмыстары ерекше білімді қажет ететін балалардың толыққанды дамуына үлкен ықпал етеді. Жүйелі ұйымдастырылған сабақтар арқылы балалардың сөйлеу тілі, танымдық қабілеті, қимыл-қозғалысы және эмоционалдық жағдайы жақсарады.

Сондықтан дефектолог, тәрбиеші, психолог және ата-ананың бірлескен жұмысы баланың жетістігіне жетудің негізгі кепілі болып табылады.

#### Ұсыныстар

1. Түзету-дамыту жұмыстарын балалардың жеке ерекшеліктеріне сәйкес жоспарлау.
2. Сенсорлық дамыту ортасын заманауи құралдармен толықтыру.
3. Ұсақ моториканы дамытуға арналған ойындар мен жаттығуларды күнделікті қолдану.
4. Артикуляциялық және тыныс алу жаттығуларын тұрақты өткізу.
5. Құм терапиясы мен ойын технологияларын сабақ барысында кеңінен пайдалану.
6. Ата-анамен бірлескен жұмысты күшейтіп, үй жағдайында орындалатын жаттығулар бойынша кеңестер беру.
7. Балалардың даму деңгейіне тұрақты мониторинг жүргізу.
8. Педагогтар арасында тәжірибе алмасу жұмыстарын ұйымдастыру.

Назарларыңызға рахмет!

Бекітемін:

«Талғат» инклюзивті оңалту балабақшасы

Директор Махутова М.Х.

2024жыл



**«Қауіпсіздік және медициналық бақылау»**

Баяндамашы: мейірбике Кабакова Б

2024-2025 оқу жылы

## «Қауіпсіздік және медициналық бақылау»

### Мақсаты:

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту мақсатында қауіпсіз орта қалыптастыру, санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуын қамтамасыз ету және медициналық бақылауды жүйелі ұйымдастыру.

### Міндеттері:

- Балалардың денсаулық жағдайына тұрақты бақылау жүргізу;
- Санитарлық-гигиеналық талаптардың орындалуын қадағалау;
- Жұқпалы аурулардың алдын алу;
- Шынықтыру және сауықтыру шараларын ұйымдастыру;
- Балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- Ата-аналарға медициналық кеңес беру;
- Салауатты өмір салтын қалыптастыру.

### Кіріспе:

Балалардың денсаулығын сақтау – мектепке дейінгі ұйым жұмысының маңызды бағыттарының бірі. Әсіресе түзету-оңалту балабақшасында тәрбиеленетін балалар үшін медициналық бақылау мен қауіпсіздік шаралары ерекше маңызға ие.

Баланың денсаулығы оның физикалық, психологиялық және әлеуметтік дамуына тікелей әсер етеді. Сондықтан балабақшада қауіпсіз орта қалыптастыру, санитарлық талаптарды сақтау және профилактикалық жұмыстарды жүйелі жүргізу басты міндет болып табылады.

### Негізгі бөлім

#### 1. Санитарлық-гигиеналық талаптарды сақтау

Балабақшада санитарлық талаптардың сақталуына күнделікті бақылау жүргізіледі.

Негізгі жұмыстар:

- топ бөлмелерін желдету;
- дымқыл тазалық жүргізу;
- ойыншықтарды залалсыздандыру;
- төсек орындарын ауыстыру;
- асхана тазалығын бақылау;
- ауыз су режимін сақтау.

Сонымен қатар балалардың:

- қол жуу дағдылары;
- жеке бас гигиенасы;
- тазалық мәдениеті қалыптастырылады.

#### 2. Медициналық бақылау

Балалардың денсаулығына тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Медициналық бақылау барысында:

- балалардың дене қызуы тексеріледі;
- сыртқы денсаулық белгілері бақыланады;
- бойы мен салмағы өлшенеді;
- денсаулық карталары толтырылады;
- аурушандық деңгейіне талдау жасалады.

Денсаулығында өзгеріс байқалған балалар уақытылы медициналық көмекке жіберіледі.

#### 3. Жұқпалы аурулардың алдын алу

Жұқпалы аурулардың алдын алу мақсатында:

- таңертеңгі фильтр ұйымдастырылады;
- балалардың денсаулығы күнделікті тексеріледі;
- топ бөлмелері кварцталады;

- профилактикалық түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

Ата-аналарға:

- аурудың алғашқы белгілері;
- үй жағдайындағы күтім;
- жұқпалы аурулардың алдын алу жолдары түсіндіріледі.

#### 4. Күн тәртібін ұйымдастыру

Балалардың жас ерекшеліктеріне сай күн тәртібі қатаң сақталады.

Күн тәртібіне:

- уақытылы тамақтану;
- серуендеу;
- тынығу;
- оқу қызметі;
- қимылды ойындар енгізіледі.

Дұрыс ұйымдастырылған күн тәртібі:

- балалардың шаршауын азайтады;
- жүйке жүйесін тыныштандырады;
- жұмысқа қабілеттілікті арттырады.

#### 5. Шынықтыру шаралары

Балалардың иммунитетін нығайту мақсатында:

- ауа ванналары;
- су процедуралары;
- жалаңаяқ жүру;
- тыныс алу жаттығулары;
- таза ауадағы серуендер ұйымдастырылады.

Шынықтыру жұмыстары:

- ағзаның төзімділігін арттырады;
- суық тию ауруларының алдын алады;
- дене дамуын жақсартады.

#### 6. Қауіпсіздік шаралары

Балалардың өмір қауіпсіздігін сақтау — басты міндеттердің бірі.

Балабақшада:

- ойын алаңдарының қауіпсіздігі тексеріледі;
- электр құралдарының жарамдылығы бақыланады;
- өрт қауіпсіздігі ережелері сақталады;
- эвакуациялық жаттығулар өткізіледі.

Сонымен қатар балаларға:

- жолда жүру ережелері;
- тұрмыстық қауіпсіздік;
- табиғаттағы қауіпсіздік туралы түсіндіру жұмыстары жүргізіледі.

#### 7. Ата-анамен жұмыс

Ата-аналармен:

- жеке кеңестер;
- санитарлық ағарту жұмыстары;
- денсаулық бұрыштары;
- профилактикалық әңгімелер ұйымдастырылады.

Ата-аналарға:

- дұрыс тамақтану;
- күн тәртібі;
- шынықтыру;
- аурудың алдын алу бойынша ұсыныстар беріледі.

### Қорытынды

Балалардың денсаулығын сақтау мен қауіпсіздігін қамтамасыз ету — балабақша ұжымының ортақ міндеті. Жүйелі медициналық бақылау мен санитарлық талаптарды сақтау арқылы балалардың денсаулығын нығайтып, қауіпсіз әрі қолайлы орта қалыптастыруға болады. Балалардың денсаулығы мықты болған жағдайда ғана олардың толыққанды дамуына мүмкіндік жасалады.

### Ұсыныстар

1. Санитарлық-гигиеналық талаптардың сақталуына күнделікті бақылау жүргізу.
2. Балалардың денсаулық жағдайына тұрақты мониторинг ұйымдастыру.
3. Шынықтыру шараларын жүйелі түрде өткізу.
4. Жұқпалы аурулардың алдын алу жұмыстарын күшейту.
5. Балалардың қауіпсіздігі бойынша түсіндіру жұмыстарын тұрақты жүргізу.
6. Ата-анамен бірлескен медициналық-ағарту жұмыстарын ұйымдастыру.
7. Балалардың дұрыс тамақтануы мен күн тәртібін қадағалау.
8. Қауіпсіз және денсаулыққа қолайлы орта қалыптастыру жұмыстарын жалғастыру.

30 тамыз 2024жыл

**ҚҰЖАТТЫҢ НҮСХАСЫ ЖӘНЕ НӨМІРЛЕНДІ**

Барлығы (21 селіс) беттен тұрады.  
Барлық беттері нөмірленіп, тігiлiп бекiтiлдi.

Мерқарияны  
Хабидуллаевна  
КОЛЫ.

